



EXPO 2017
• Future Energy •
Astana Kazakhstan



KazNU Science • ҚазУУ Ғылымы • Наука КазНУ

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЪ-ФАРАБИ

AL-FARABI KAZAKH
NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ГЕОГРАФИЯ СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ ГЕОГРАФИЧЕСКАЯ

JOURNAL

OF GEOGRAPHY AND ENVIRONMENTAL MANAGEMENT

4(47) 2017

ISSN 1563-0234
Индекс 75868; 25868

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

География сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия географическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

JOURNAL

of Geography and Environmental Management


№4 (47)

Алматы
«Қазақ университеті»
2017



ХАБАРШЫ

ГЕОГРАФИЯ СЕРИЯСЫ №4 (47)



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Қуәлік №956-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Темирбаева К.А., PhD (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Тугельбаев С.С., г.ғ.к., доцент – ғылыми редактор (Қазақстан)

Шокпарова Д.К., PhD докторы, ғылыми редактордың орынбасары (Қазақстан)

Вилесов Е.Н., г.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Мамутов Ж.У., б.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Бексентова Р.Т., г.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Пентаев Т.П., г.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Гельдыев Б.В., г.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Ивкина Н.И., г.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Родионова И.А., г.ғ.д., профессор (Ресей)

Béla Márkus (Белла Маркус), Батыс-Венгр университетінің профессоры (Венгрия)

Fernandez De Arroyave Pablo (Фернандес Де Арройеб Пабло), Кантабрия университетінің профессоры (Испания)

Севастьянов В.В., г.ғ.д., Томск ұлттық зерттеу университетінің профессоры (Ресей)

Бобушев Т.С., г.ғ.д., Орта Азиядағы Америка университетінің профессоры (Қырғызстан)

Бултеков Н.У., г.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Мазбаев О.Б., г.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Тақырыптық бағыты: география, қоршаған орта туралы ғылымдар, метеорология, гидрология, туризм, геоэкология, геодезия, картография, геоақпараттық жүйелер

ҚАЗАҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
Б А С П А Т Ғ И

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гульмира Шаккозова

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гульмира Бекбердиева, Агила Хасанқызы

Компьютерде беттеген

Айша Қалиева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Мәлдір Әміртайқызы

Телефон: +7(727)377-34-11

E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

ИБ №11698

Басуға 25.12.2017 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8. Көлсеі 13,5 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.

Тапсырыс №646. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

1-бөлім	Раздел 1
Физикалық, экономикалық және әлеуметтік география	Физическая, экономическая и социальная география

<i>Нюсупова Г., Калимурзина А.</i>	
Особенности демографической ситуации в приграничном регионе Казахстана и России	4

2-бөлім	Раздел 2
Метеорология және гидрология	Метеорология и гидрология

<i>Абаев Н.Н., Нысанбаева А.С., Абиева Д.К.</i>	
Климатические базы данных как источники актинометрической информации для изучения и использования солнечных ресурсов Казахстана.....	13

<i>Abubakirova K.D., Tanybaeva A.K., Pavlichenko L.M., Rysmagambetova A.A.</i>	
Integrated water resources management in the Republic of Kazakhstan: problems and prospects.....	23

3-бөлім	Раздел 3
Картография және геоинформатика	Картография и геоинформатика

<i>Kakimzhanov Y., Yerzhankyzy A., Kozhaev Zh.</i>	
Modern methods of processing and creating a digital terrain model.....	33

<i>Какимжанов Е., Мукалиев Ж., Мамутов Ж.</i>	
Арақашықтықтан зондылау мәліметтерін өңдеудің әдістемелік ерекшеліктері (Іле Алатау табиғи паркі мысалында).....	43

<i>Көшім А.Ғ., Бексеитова Р.Т., Сергеева А.М.</i>	
Рекреационный потенциал геоморфологических систем территории Мангыстау.....	53

4-бөлім	Раздел 4
Геоэкология	Геоэкология

<i>Жайлауов Е., Зубова О.</i>	
Исследование перспектив использования теплоизоляционных материалов в строительстве	63

<i>Tazhibayeva T.L., Rysmagambetova A.A.</i>	
The sustainable development goals for the planet future.....	76

5-бөлім	Раздел 5
Рекреациялық география және туризм	Рекреационная география и туризм

<i>Айдарова А.З., Сулейменова Г.Ж., Исмаилова М.М.</i>	
Агротуризм – ауыл гүлденуінің басты кепілі.....	87

<i>Ақашева Ә.С., Дуйсебаева К.Д., Джумабекова И.Д., Мукалиев Ж.Қ.</i>	
Оңтүстік Қазақстан аймағында экологиялық туризмнің даму мәселелері.....	95

<i>Алиева Ж.Н., Қалиева А.Б.</i>	
Ұлы Жібек жолындағы көшпелі туризмнің дамуы.....	106

<i>Алиева Ж.Н., Құттыби А.А.</i>	
Туризмді дамытуда нейромаркетингтің рөлі	114

<i>Аяпбекова А.Е., Демеев А.Б., Сағымбай О.Ж.</i>	
Туризм қызметкерлерін дайындауда топонимикалық зерттеулер	123

Ақашева Ә.С., Дүйсебаева К.Д., Джумабекова И.Д., Мукалиев Ж.Қ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: atirkul_1960@mail.ru

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі таңда экологиялық туризм экономиканың дамуына ықпал ететін келешегі бар сала болып табылады. Экологиялық туризм бүгінде – соңғы онжылдықта бүкіл әлем бойынша кең тараған, қазіргі заманға сай туризмнің жаңа бір бағыты болып табылады.

Қазақстанның экологиялық туризмді дамыту үшін үлкен мүмкіндіктері бар. Оның негізін Еуразия орталығындағы бірегей табиғи жағдайлар мен ландшафттар, көптеген табиғи, тарихи ескерткіштер құрайды. Экологиялық туризмнің танымалдылығына дәлел болатын фактілер, яғни экотуризмді одан әрі дамытуға қызығушылық танытып жүрген атақты халықаралық ұйымдар: Бүкіләлемдік Туристік Ұйым, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Бүкіләлемдік жабайы табиғат қоры, Халықаралық табиғат күзеті одағы және табиғат ресурстары. Германия, Ұлыбритания, Франция, Оңтүстік Корея мен Жапон елдерінде жүргізген зерттеу мен сауалнамалар бойынша, шетелдік азаматтар арасында Қазақстандық экологиялық турларына жоғары қызығушылық білдіргенін анықтаған. Еліміз шет елдер тәжірибесінде туризм бағыттарын дамыту жолдарын іздейді, себебі ол елдер бұл салада бірнеше саты жоғарыда. Оңтүстік Қазақстан облысы еліміздің ең ірі және де әдемі өлкелерінің бірі. Облыс өзінің өте бай мәдени мұрасымен, тамаша жылы ауа-райымен, көркем табиғи пейзаждарымен ерекшеленеді. Жұмыстың мақсаты: Оңтүстік Қазақстандағы рекреациялық ресурстарды тиімді пайдалану мәселелері мен экологиялық туризмнің даму болашағын зерттеу. Жұмыстың міндеттері: рекреациялық ресурстардың тарихи аспектілері мен экологиялық туризмнің дамуының теориялық негіздерін қарастыру. Мақала Оңтүстік Қазақстан аймағындағы экологиялық туризмнің даму мәселелеріне арналған. Аймақтағы оның дамуы туралы алғышарттары тұжырымдалып, экотуризмді дамыту жолындағы қиындықтар сипатталған және олардың барлық мүмкіндіктері мен шешу жолдары қарастырылған. Оңтүстік Қазақстанның туристік рекреациялық, экологиялық әлеуетінің қазіргі жағдайы талдануда. Туризм индустриясын дамытудың негізгі тенденциялары зерттелген, яғни жұмыс орындарын және халықтың тұрақты жоғары табыстарын қамтамасыз ете алатын, сонымен қатар тірі табиғатты адалдықпен сақтайтын баланспен экотуризмді қарастыруға болады. Оңтүстік Қазақстан сияқты аймақтарда экотуризм табиғатты қорғау, халықтың жұмыспен қамту көрсеткішінің өсімі және әлеуметтік-экономикалық дамуға елеулі үлес қоса алады. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда экологиялық туризмді жүзеге асырудың болашағы туралы қорытындылар жасалды.

Түйін сөздер: Оңтүстік Қазақстан өңірі, экотуризм, туризм дамуының рекреациялық ресурстары, қоршаған орта, инфрақұрылым, ландшафт, экология.

Akashева A.S., Duisebayeva K.D., Dzhumabekova I.D., Mukaliyev Zh.K.

Al-Farabi Kazakh National university, e-mail: atirkul_1960@mail.ru

The features of the development of ecological tourism in the South Kazakhstan region

Nowadays, the ecological tourism sector is promoting effective development on the economy. Today, ecological tourism is one of the areas of modern tourism and it has spread throughout the world in the last decades. Kazakhstan has are great opportunities for development of ecological tourism. The basis of its numerous natural, historical monuments, unique natural conditions and landscapes in the heart of Eurasia. Evidence of ecotourism is known, that is, the interest of Organization of the United Nations, the world wildlife Fund, international Union for conservation of nature and natural resources to the ecotourism further development in the further development of eco-tourism. The result of the study

and questionnaires which were conducted in the countries Germany, UK, France, South Korea and Japan have determined a high interest of foreign citizens to ecological tour in Kazakhstan. Our country looking for ways to develop tourism destinations in the practice of foreign countries, as their countries above us in this field. South Kazakhstan is the most beautiful and largest region in the country. It is different with a rich very cultural heritage, warm weather and natural scenery. The work purpose: study problems of effective use of recreational resources and development of ecological tourism in southern Kazakhstan. Duties of work: historical aspects recreational resource and consideration theoretical foundations in development of ecological tourism. The article is devoted to the features of the development of ecological tourism in the South Kazakhstan Region. Prerequisites of its development were formulated in the region, difficulties of the development of ecotourism were characterized and possible ways to overcome them were considered. The current state of touristic recreational ecological potential of South Kazakhstan is being analyzed. The basic tendencies of development of the tourism industry were investigated, that ecotourism can be seen precisely the balance, which can provide jobs and stable high incomes and save intact wildlife. In regions such as the South Kazakhstan, ecotourism can help nature protection, growth of employment and socio-economic development. The conclusions about the perspectives of the ecological tourism in protected areas were made.

Key words: South Kazakhstan region, ecotourism, recreational resources of the development of tourism, environment, infrastructure, landscape, ecology.

Акашева А.С., Дуйсебаева К.Д., Джумабекова И.Д., Мукалиев Ж.К.

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: atirkul_1960@mail.ru

Проблемы развития экологического туризма в Южно-Казахстанском регионе

В настоящее время экологический туризм является сферой, способствующей эффективному развитию экономики. Сегодня экологический туризм является одним из наиболее современных направлений туризма и распространился по всему миру.

Казахстан имеет огромные возможности для развития экологического туризма. В его основу входят многочисленные природные, исторические памятники, уникальные природные условия и ландшафты, находящиеся в центре Евразии.

Фактом, свидетельствующим о том, что экотуризм известен, является интерес к дальнейшему развитию экологического туризма международных организаций, как: Всемирная Туристская Организация, Организация Объединенных Наций, Всемирный фонд дикой природы, Международный союз охраны природы и природных ресурсов. По результатам исследования и анкетирования, который проводился в странах Германии, Великобритании, Франции, Южной Кореи и Японии, была определена высокая степень заинтересованности иностранных граждан в Казахстанском экологическом туризме. Наша страна ищет пути направления для развития туризма в практике зарубежных стран, так как они в этой сфере более развиты. Южно-Казахстанская область является самым красивым и крупным краем страны. Она отличается с богатым культурным наследием, с прекрасной теплой погодой и с художественным природным пейзажем. Цель работы: исследование проблемы эффективного использования рекреационных ресурсов и развития экологического туризма в Южном Казахстане. Обязанности работы: исторические аспекты рекреационного ресурса и рассмотрение теоретических основ развития экологического туризма. Статья посвящена особенностям развития экологического туризма в Южно-Казахстанском регионе. Сформулированы предпосылки его развития в этом регионе, охарактеризованы трудности, для развития экотуризма и рассмотрены возможные пути их преодоления. Анализируется текущее состояние туристического рекреационного экологического потенциала Южного Казахстана. Исследованы основные тенденции развития туристической отрасли, что экологический туризм может рассматриваться именно тем балансом, который может обеспечить рабочие места и стабильно высокие доходы населения и сохранить в неприкосновенности дикую природу. В таких регионах как Южный Казахстан, экотуризм может помочь охране природы, росту занятости населения и социально-экономическому развитию. Сделаны выводы о перспективах осуществления экологического туризма на особо охраняемых территориях.

Ключевые слова: Южно-Казахстанский регион, экологический туризм, рекреационные ресурсы, развития туризма, окружающая среда, инфраструктура, ландшафт, экология.

Кіріспе

Оңтүстік Қазақстан облысы 1932 жылы 10 наурызда құрылған. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазақстан территориясының оңтүстігінде

орналасқан. Облыстың солтүстігінде Бстпақдала мен оңтүстік шығысында Шатқал жотасымен, солтүстік-шығысында Мойынқұммен, батысында Қызылорда облысының территориясы

мен, шығысында Қырғыз жотасымен, оңтүстігінде Өзбекстан республикасымен шектесіп жатыр.

Аумағы 117,3 мың км². Орталығы – Шымкент қаласы. Облыс құрамында 11 әкімшілік аудан, 4 қалалық әкімдік, 7 қала (Шымкенттен басқа), 13 кент, 171 ауылдық округ, 932 ауыл бар. Оңтүстік Қазақстан облысы ЮНЕСКО-ның қайта өркендету бағдарламасына енген Ұлы Жібек жолының мемориалдық трассасында орналасқан (Кутузов А. В., 2002:719).

Табиғи жағдайы жағынан Оңтүстік Қазақстан облысы республикамыздың басқа облыстарымен салыстырғанда өзінің әр түрлілігімен ерекшеленеді және көрші Орта Азия елдерімен Ортақ табиғи ұқсастықтарға ие. Мұнда Орта Азия сияқты кең шөлді жерлер мен дымқыл таулы және тау беткейлі жерлер бар. Оңтүстік Қазақстан облысының экономикасында субальпітік және альпітік көгалдармен жамылған биік таулар үлкен рөл атқарады, ол жерлерден көптеген өзендер бастамасын алса, тау беткейлерінде құнарлы қоныр топыраққа ие үлкен орманды жерлер бар (Бектимирова Н.Н., 2003:146). Оңтүстік Қазақстан мен Тянь-Шань таулары арасындағы территориясында орналасқан Қызылқұм бір күн ішінде ыстық құмнан мұз қапталған тауға жетуге мүмкіншілік береді.

Аймақтың табиғатын сақтап қалуға қорғалатын аумақтар мен қорықтық орындар торабы құрылған Орталық Азияның қайталанбас маржаны болып, Оңтүстік Қазақстандағы батыс Тянь-Шань тауларындағы теңізден 1000 нан 4280 метр биіктікте орналасқан Ақсу-Жабағылы қорығы болып табылады. Оның жалпы көлемі 75043 га құрайды. Мұнда флора және фаунадың көптеген жануарлар мен өсімдіктер түрлері бұрынғы қалпында сақталған. Қаратау қорығы Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы Қаратау жотасының орталық бөлігінде, Кентау қаласынан 17 км жерде орналасқан мемлекеттік қорық. Онда өсетін сирек кездесетін және эндемик түрлерінің саны жағынан Қазақстанда бірінші орында. Қаратау қорығы 2004 жылы құрылған, аумағы 34,3 мың га (Лукичев А. Б., 2011:3-6).

Қаратау тауы Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстарының аумағында орналасқан. Оның ең биік шоқысы Бессаз тауының биіктігі 2175 метр.

Қаратаудың оңтүстік – батысынан Сырдария, солтүстік шығысынан Шу және Талас өзендері өтеді. Қаратаудың барлық аймағында өзіне тән ертеден өсіп келе жатқан өсімдік түрлері көптеп кездеседі. Қаратау бұдан бірнеше миллиондаған жылдар бұрын Жерорта теңізі мен Тынық мұхи-

тының түбінен біртіндеп көтерілген ең ежелгі тау жоталарының бірі болып саналады.

Қазақстанның келешегі мол және тартымды өлкесінің бірі Оңтүстік Қазақстан облысы болып табылады. Мұнда туристтерді қызықтыратын кең аумақ, керемет ландшафтар, баға жетпес мәдени және тарихи ескерткіштер, туристік қызметтердің сан алуан түрі бар. Бүгінгі күнде облыстың аумағында туроператорлық және турагенттік қызметтерді жүзеге асыратын туристік ұйым, туризм нұсқаушысы, орналастыру орындары, демалыс орындары, 5демлыс үйі, емдеу-сауықтыру шипажайлары бар (Шайкенова Р.Р., Мамутова К.Р., 2009:3). Бұл аумақтарда тек қана Қазақстан және ТМД елдерінің көптеген туристерін қызықтырып қана қоймай, сонымен қатар алыс шет ел туристерін де тартатын табиғи көрікті жерлері топтастырылған.

Тартымды табиғаты, ескерткіштердің жоғары сапада сақталуы, геосаяси жағдайларының үлкен өнеркәсіпті әлеуетімен сәйкестігі, келесі туристік өнімдерді ерекшелеуге мүмкіндік береді: – экологиялық туризм; – жағажайлық туризм; – тау шаңғысы туризм; – емдік – шипалы туризм; – мәдениет – танырлық туризм. Қазақстандағы туризмнің басты мақсаты – заманауи жоғары деңгейдегі бәсекеге сай туристік индустрия, экономика саласының дамуына әлемдік туризм жүйесіне ену және болашақтағы туризм саласында халықаралық ынтымақтастықта бола отырып, өз өнімдерін шетелдік туристерді тарту. Қазақстан салыстырмалы түрде жас және дамушы мемлекет (Накатков Ю.С., 2001:18.)

Туризмнің дамуы біздің еліміздің аймақтары үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Экотуризмнің ең басты қағидасы қоршаған ортаны аялау, табиғатты сыйлау. Туризм, оның ішінде экотуризм – бұлар, табысы бірқатар факторлардың жиынтығына тәуелді болып табылатын қызмет салалары. Қазіргі таңда экологиялық туризм басқа туризм салаларына қарағанда басымырақ. Экологиялық туризмнің негізгі мақсаты қоршаған ортаның және мәдени, табиғи ресурстардың сақталуын қамтамасыз ету.

Мақала Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі экологиялық туризмнің даму ерекшеліктеріне арналған. Аймақтағы оның дамуы туралы алғышарттары тұжырымдалып, экотуризмді дамыту жолындағы қиындықтар сипатталған және оларды шешу жолдары қарастырылған. Оңтүстік Қазақстанның туристік рекреациялық экологиялық әлеуетінің қазіргі жағдайы талданған. Туризм индустриясын дамытудың негізгі тенденциялары зерттелген. Оңтүстік Қазақстан

аймағында экологиялық туризмді жүзеге асырудың перспективалары туралы қорытындылар жасалды (Мызбаев. О.Б. Атейбеков.Б.Н. Асубаев.Б.К., 2006).

Зерттеу әдісі. Отандық тәжірибелердің көрсеткіштеріне негізделген түрлі әдістемелік нұсқаулар, статистикалық мәліметтер мен талдаулар, санаторий-курорттық мекемелердің құжаттары, оқулықтар, газет-журналдар, басқа да мәліметтік ақпараттар пайдаланылды.

Зерттеу нысаны. Қазіргі таңда әлемнің барлық аумағы үшін табиғи ортаны сақтауға бағытталған жаңа өрлеулерде Оңтүстік Қазақстан аймағыда тыс қалмайды. Жалпы алғанда Оңтүстік Қазақстанның табиғатының өзі де экологиялық туризмнің қарқынды дамуына әртүрлілік, бірегейлілік, ландшафтың кеңбайтақтылығы, сонымен қатар әлі де қарастырылмаған урбандалу үрдістері тәрізді тиімді шарттар ұсынады. Қазақстанның мұндай аймағына экологиялық туризмнің дамуына барынша үлес қоса алатын Оңтүстік Қазақстан аймағын жатқызуға болады. Оңтүстік Қазақстан аймағының экологиялық туризмі бұл тек қана қызықты саяхат емес, қоршаған ортаның сақтауға шақыру (Ердаuletов С.Р. География туризма, 2000).

Негізгі мақсаты Оңтүстік Қазақстан аймағының экологиялық туризмінің даму ерекшелігін талдау болып табылады. Негізгі міндет заманауи экологиялық туризмнің жағдайы және оның Оңтүстік Қазақстан экономикасындағы орнын талдау, сонымен қатар аймақтағы экологиялық туризмнің алдағы даму болашағын анықтау болып табылады. Экологиялық туризмнің объектілері табиғи аймақтар, тарихи ескерткіштер, ғылыми және білім беруде қолданылатын мәдени және архитектуралық ескерткіштер болып табылады. Бұл экологиялық туризмнің жан-жақты болуын қамтамасыз етеді.

Экологиялық туризмнің ең өзекті бағыттары: танушылық, ғылыми, спорттық.

Оңтүстік Қазақстанда туризмнің мынандай түрлері дамуда: тау туризмі; ғылыми-танымдық; су туризмі; курорттық; спорттық. Оңтүстік Қазақстан облысы еліміздің ең ірі және де әдемі өлкесінің бірі болып қала береді. Облыс өзінің өте бай мәдени мұрасымен, тамаша жылы ауа-райымен, көркем табиғи пейзаждарымен ерекшеленеді. Облыс шекарасында 837 – археологиялық ескерткіштер, 155 – құрылыс және архитектуралар, 5 – тарихи, 7 – монументалдық қол өнерлер анықталып есепке алынған (Қазақстанның қорықтар мен ұлттық бақтары, 140-149, 242-251).

Облыста 1209 тарихи және мәдени ескерткіштер орналасқан. Облыс аумағында Қожа Ахмет Иассауи кесенесі, Арыстан баб, Домалақ Ана кесенелері, сондай-ақ ежелгі «Отырар», «Сауран» қалалары және өзге де көптеген тарихи нысандар бар. Сондай-ақ өңірде «Ақсу-Жабағылы», «Сайрам-су», «Өгем», «Бүргелек», «Қырыққыз» сияқты әдемі шатқалдар да бар.

Облыста ерекше табиғи (Бәйдібек ауданында Ақмешіт үңгірі, Түлкібас ауданында Жылауық үңгір, Төлеби ауданында Бүргелек шатқалы) және тарихи нысандар (Қазығұрт ауданында «Кеме қалған» ескерткіші, Бәйдібек ауданында Бәйдібек ата және Домалақ ана, Шымкент қаласында Қарашаш ана және Ибрагим ата кесенелері және т.б.) орналасқан (Алиева Ж.Н., 2004:22-24).

Оңтүстік Қазақстан аймағындағы табиғаттың көркем аймақтары мен тарихи мәдени ескерткіштер, дамыған өнеркәсіптік аудандардың таралуы әр облыста әркелкі болып келеді. Облыс орталығы Шымкент Қазақстанның ежелгі қалаларының бірі, ол XII ғ. Орта- Азиядан қытайға созылған сауда жолының бойында пайда болған. Облыстың Түркістан қаласында негізгі архитектуралық және тарихи көркемдік болып табылатын Қожа Ахмет Яссауи кесенесі салынған. Көптеген ғасырлар бойы 1868 жылға дейін бұл қала Яса деп аталған, ал кесене осы аймақта XII ғ. Өмір сүрген ұлы, әулиелі адам Ахмет Яссауидің атымен аталған. Ал, 1989 жылы Түркістан қаласында «Әзірет - Султан» тарихи-мәдени музей ашылды. Оның құрамында Күлтөбе қалашығы, Хильвет мешіті, Шілдехана құрылысы және т.б. бірнеше тарихи және мәдени ескерткіштер кіргізілген. Отырар ауданының орталығы Шәуілдір ауылынан 10 км қашықтықта ежелгі Отырар қаласының қалдықтары сақталған. Мұнда ежелгі тарихи-деректерге қарағанда X ғасырдан белгілі философ, ақын, композитор, тілші Абу-Насыр Мухаммед ибн аль-Фараби мекендеген. Арыстан баб күмбезі - ескі Отырар қаласының орнындағы көне архитектуралық ескерткіш (Омаров Қ. М., 2011:74).

Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамыған шағында табиғат байлықтарын қорғау – үлкен мән беріліп отырған игілікті жұмыстардың бірі. Әсіресе, табиғаттың бұзылмаған үлгісін сақтап қалуда қорықтардың алатын орны ерекше. Қорықтарда тек бағалы хайуанаттар мен өсімдіктер ғана қорғалып қоймай, туған еліміздің ғажайып орындары да сол қалпында сақталады.

Оңтүстік Қазақстанда өсімдік дүниесі мен жануарлар әлемін қорғау мақсатында ерекше қорғалатын аумақтар ұйымдастырылған. Мұнда

Қазақстанның Қызыл кітабына енген өсімдік жамылғысы және жануарлар дүниесінің көптеген түрлерін көруге болады. Экологиялық туризмді дамытуға қолайлы аймақтағы табиғаты ерекше әсем Ақсу – Жабағылы қорығын айтсақ артық болмас. Мемлекеттің ең басты ұлттық байлығының, дәулетінің, іргетасының бірі – оның табиғи қорлары, табиғат байлығы. Қазақстандағы осындай байлығымыздың бірі саналатын Ақсу-Жабағылы қорығы – Талас Алатауының (Батыс Тянь-Шань) солтүстік-батыс бөлігін және Өгем жотасын алып жатқан еліміздегі 1926 ж. ашылған тұңғыш қорық

Орталық Азиядағы, қала берді Қазақстандағы айрықша аймақ, бүкіл дүние жүзіндегі бірегей аумақ саналар Ақсу-Жабағылы қорығының құрылуына айрықша үлесін қосқан ұлт мақтанышы-Тұрар Рысқұловтың сіңірген еңбегінің ерекше екендігін әрқашан есте ұстағанымыз абзал (Бейсенова Ә.С., Ж.Б. Шілдебаев, Г.З. Сауытбаева., 2001:238).

Қорық ландшафтысы көркем, жазықтар мен алаңқайлар биік шынды тауларға алмасып, жартасты шатқалдармен қиылысады. Өзендері терең шатқалдарға құйылып, ақырған сарқырамаларды түзейді. Шын мәнінде бұл аймақтың табиғатының сұлулығын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Қорыққа көктемде келген адам, Ақсу-Жабағылының көзтартар қызғалдақтарының, басқаша айтқанда қорықтың көрігі саналатын, сондай-ақ символы саналатын Грейг қызғалдағының нағыз құлпырған шағын тамашалауына болады (1-сурет).



1-сурет – Грейг қызғалдағы

Еуропа елдерінің ғалымдары бүгінде бүкіл дүние жүзінің өркениетті елдеріне «Грейг қызғалдағы» және «Кауфман қызғалдағы» деген аттармен белгілі қызғалдақтардың отаны Ақсу-Жабағылы екендігін мойындауға мәжбүр. Ғылыми тұрғыда зерттеп, алғаш ашқан ғалымдардың

атымен осылай аталып жүр. Грейг қызғалдағы 1877 жылы Голландияда биік бағаланып, ерекше дипломмен марапатталған. Содан бері біздің қызғалдағымыздан 200-ден астам түр тараған (Кельбуганова Л., 2005:126).

Қаратаудың табиғат байлықтарының ерекшеліктерін ескере отырып Қазақстан Республикасы Үкіметінің №249 қаулысымен 2004ж 1 наурызда Қаратау мемлекеттік қорығы ұйымдастырылды. Қорықтың жер көлемі 34300 гектар аумақты алып жатыр. Қаратаудың қорығының табиғаты айналасы құрғақ далалы және шөлейтті өңірлерімен шектеліп жатқан оазисті аймақты құрайды. Қаратау қорығы Батыс Тянь-Шань тау жотасының солтүстік – батыс сілемдерімен шекаралас Қаратау жотасының орталық бөлігінде орналасқан. Қорықтың айналасын Қызылқұм, Бетпақдала және Мойынқұм шөлдері қоршап жатыр. Қорық аумағында археологиялық ескерткіштер де көптеп кездеседі. Онда тасқа қашап салынған суреттер (петроглифтер), ертеде өмір сүрген адамдардың тұрақтары, олар пайдаланған еңбек құралдары, обалар мен молалардың қалдықтары сақталған. Сонымен бірге ерекше мүсінді түйстас, кемпіртас, хантағы және т.б. кейіптегі табиғаттың өзі ұзақ уақыт аралығында жасаған тас бейнелер де кездеседі (Заповедники Средней Азии и Казахстана /под общей редакцией Романа Ященко. Алматы, Казахстан, 2006:19).

Қорық аумағында ғалымдардың зерттеулері бойынша жалпы өсімдіктердің 1666 түрі өседі, солардың 1536 түрі тек осы өңірде ғана өсетін түрлерге жатады. Қаратау қорығы республика көлеміндегі эндемик өсімдіктер түрлері өте көп өсетін бірден – бір аймақ болып саналады. Бұл өсімдіктердің эндемик түрлерінің көпшілігі өте сирек кездесетін түрлерге жатады. Қазақстанның 1981 жылы шыққан өсімдіктерге арналған Қызыл кітабында Қаратау қорығының аумағында кездесетін өсімдіктің 45 түрі тіркелген. Қаратау қорығында өсетін жалпы өсімдік түрлерінің 9% эндемик түрлерге жатады. Ондай өсімдік түрлеріне – қаратау рапонтикулы, регель рафидофитона, грейг қызғалдағы, қаратау көкбасы, қарату ырғайы, қаратау үшқаты, қаратау лепидолофасы, сиверс алмасы, қарату ақшешегі, қаратау жыланбасы, қаратау кекіресі, қаратау қауы, қаратау маралтамыры, қаратау томаға шөбі және т.б. түрлер өседі.

Қаратауда ғана өсетін қаратаудың ақ терегінің аты әлемге әйгілі. «Сайрам – Өгем Ұлттық табиғи паркін құру туралы» шешім ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 26 қаңтардағы №52 қаулысы

бойынша құрылды. Сайрам-Өгем тауларындағы орманды негізінен арша ағашы құрайды.

Сайрам-Өгем – ұлт байлығы. Оның ойдым-ойдым ормандары мен асқар-асқар алып таулары Оңтүстік өңірін Алатау арқылы Алтаймен, ары қарата Сібір және Моңғолия қыраттарымен, ал түстік тұста Памир мен Қарақорым арқылы Бұланайдай биіктермен жалғастырып жатыр. Теңдесі жоқ тау бұлақтарынан құралар Қашқансу, Сайрамсу, Өгемсу бастаған өзендер, 2100 метр биіктіктегі Мақпал көлі, төрт мың жылдан бермен қарата тербеліп тұрған алып аршалар. Таудың текті барыстары.

Тау туризмі – таулы аймақта арнайы көлікті қажет етпейтін туризмнің кең тараған түрі. Біркөлік тауының етегіндегі «Біркөлік» шипажайы, Қасқасу тауының бөктерінде орналасқан «Эко Вила Қасқасу», Ақмешіт тау шатқалындағы «Красные скалы» мен «East West company LTD» демалыс кешендері және Нысанбек елді мекеніндегі «Тау самалы» емдеу-сауықтыру орталығы мен Қасқасу, Алатау тау шатқалдарындағы орналасқан шаңғы базасы т.б. демалыс аймақтары ауданның элеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына жол ашатын басты **нысандар болып** отыр. Сондай-ақ, аудан бюджетіне қомақты қаржы түсіретін негізі сала. Мұнда туризмді жан-жақты дамытуға мол мүмкіндік бар екенін айта кету керек. Онымен қоса ауданда 30-дан аса тарихи-археологиялық нысандар бар. Онда сақ заманының қорғандары, орта ғасырлық қалашықтардың орындары және аты аңызға айналған “Жылаған ата”, “Ғайып Ерен Қырық Шілтен”, “Нұр ата”, “Мыңшейіт” сынды әулиелі мекендерге еліміздің түкпір-түкпірінен, тіпті шетелден келіп мінәжат етушілер толастамайды. Бүгінде аудан көлемінде тау бөктерінде орналасқан Тау самалы, Эдельвейс, Бәйшешек, Робинзон лагерлері жұмыс атқаруда. Сонымен қатар аудандағы ең көрікті жерлердің бірегейі Балдыберек өзенінің бойында орналасқан Облыс орталығынан 70 км. Балдыберек және Төңкеріс ауылдарының көркем табиғаты мен климаттық жағдайы жазғы және қысқы туризмді дамытуға өте қолайлы.

Ауданда 2003 жылдан бері “Алатау” тау шаңғы базасы жұмыс істейді. Тау шаңғысы базасы аудан орталығы Ленгір қаласынан 25 шақырым қашықтықта Батыс Тянь-Шань тауының етегінде “Тау Самалы” шатқалында орналасқан. Тау шаңғысы жолының ұзындығы – 1300 метр. Бір мезетте 1300 адамға қызмет көрсетуге мүмкіндігі бар. Базада көктем, жаз айларында демалушылар үшін атпен жә-

не балаларға арналған ат арбамен серуендету маршруттары жасалынған.

Төлеби ауданында соңғы жылдары қанатын жайып, халыққа қызмет көрсетіп келе жатқан демалыс орындары көбеюде. Әсіресе «Тау самалы» балалар лагерінің орны айрықша. Оңтүстік Қазақстан облысының балаларына демалыс ұйымдастырып, жазғы уақыттарын жақсы өткізуге, сондай-ақ тынығып жаңа оқу жылына күш жинауға аталған лагерьдің қосар үлесі мол.

Оңтүстік Қазақстанда курорттық туризм жақсы дамыған. Оңтүстік өңір минералды суларымен, Орта Азияға танымал шипажайларымен ерекшеленеді. Республикамыздың түкпір-түкпірінен дертіне дауа іздегендер осы аймақтағы емдік орындарға ағылып жатады. Сарыағаш ауданында орналасқан бальнеологиялық «Сарыағаш шипажайы» АҚ, «Қазақстан КЗ» -көпсалалы 4 жұлдызды заманауи шипажай, «Манкент» шипажайы, «Арыс» шипажайы – балшық қоймасы бар бірегей демалыс орындарының бірі, «Арман» шипажайы, «Алтын Бұлақ» санаторий-профилактории, «Жансая» шипажайы, «Көктерек» шипажайы, «Біркөлік» шипажайы т.б.

Нәтижелері мен талдау. Қазіргі таңда экологиялық туризм экономиканың дамуына ықпал ететін келешегі бар сала болып табылады. Қазақстандағы экотуризм енді дамып жатыр, бірақ сонда да оң септігін сезуге болады. Қазақстанды туристік гауһар таспен салыстыруға болады, себебі әлемдік бәсекелестікке сәйкес келетіндей тамаша туристік мүмкіндіктері өз сәтін асыға күтуде. Біздің елімізді 2020 жылға шейін алдыңғы қатарлы туристік бағытқа айналдыру үшін 1 миллиард доллар қаражат жұмсалуды қажет.

Қазіргі кезде Қазақстан маманданған экстремалды турлар мен Ұлы Жібек жолы бойынша көршілес елдермен бірлескен турларды ұсынады. Қазақстанда болашағы бар және дами алатын 2 түрөнімді айтуға болады:

- Бизнес туризм;
- Экологиялық туризм.

Екі өнім де халықаралық нарықта тамаша мүмкіндіктерге ие. Статистикалық мәліметтер мен нақты қазіргі жағдайға сүйенсек, шетелдіктер біздің елге іскерлік мақсатпен келеді. Облыстағы туристік қызметтің басым бағыттары:

- Түркістан қаласы мен Отырар ауданында орталықтары бар қажылық туризм;
- «Аксу-Жабағылы» және «Қаратау» қорықтарында, «Сайрам-Өгем» МҰТП орталықтары бар экологиялық туризм;

– Сарыағаш ауданында орталығы бар емдеу-сауықтыру туризмі болып табылады.

Қазақстандағы негізгі түрөнім экологиялық туризм болып келеді, бірақ халықаралық нарықтағы бәсеке қабілеті аз. Келешектегі бұл түрөнімге деген қызығушылық 8,9 миллион адамды (немесе жалпы басымдылықтың 63%) құрайды. Ол әлемдік нарықта ең маңызды орынды алады және сол себепті Қазақстанның дамуында да нарықта басым орынға ие болуы тиіс. ҚТА туризм

тік нарықтың қызығушылығын білдіре отырып, экотуризмнің елдің бюджетіне және де туристік нарыққа да кіріс әкелетінін түсінеді. Сондықтан да 2005 жылы ҚТА Қазақстандағы экологиялық туризмнің басымдылығының бағасын анықтау үшін анализ жүргізді. Қорытынды бойынша экотуризм күрделі даму қажет екенін түсінді. Соған қарамастан, республиканың әрбір аймағы экотуризмнің дамуы үшін ерекше табиғи байлыққа тұнып тұр (кесте. 1).

1-кесте Қазақстандағы аумақтар бойынша туризм түрлері

Аумақтар бойынша туризм түрлері				
Оңтүстік Қазақстан	Солтүстік Қазақстан	Орталық Қазақстан	Шығыс Қазақстан	Батыс Қазақстан
Экологиялық	Экологиялық	Экологиялық	Экологиялық	Экологиялық
Тау	Шаңғы	Экскурсиялық	Тау	Су
Жаяу	Жаяу	Су	Танымдық	Жаяу
Велосипедтік	Экскурсиялық	Спелеологиялық	Экскурсиялық	Экскурсиялық
Экскурсиялық		Тарихи		Тарихи
Тарихи				Діни
Діни				

Қазақстанда бірінші Ақпараттық – Ресурсты Экотуризм Орталығы (ИРЦЭ) болды. Ол ҚТА – ның арқасында 2005 жылы құрылды және де әлі күнге шейін тиімді жұмыс жасауда.

АРЭО жобасы – бұл отандық экотуризм жайлы халықаралық және мемлекеттік нарықта дұрыс ақпарат беру, жергілікті қоғамдар мен ұйымдарға көмек беру үшін ойласырылған жоба.

АРЭО – туристік нарықтағы ең керекті бірлік екені анық. Экотүрөнімдерді жарнамалау мен жылжытуда жобаның Қазақстандық экологиялық туризмінде алатын орны ерекше. Статистикалық мәліметтер бойынша жыл сайын келушілер көлемі 20 - 25% өсіп отыр.

Мақсатқа жету – Қазақстандағы экотүрөнім туралы ақпарат берушіні ең танымал әрі қажетті ету. Оны мына жолдармен шешуге болады:

- іріктеу, анықтау және ең жақсы экотүрөнім шығару;
- сапалы өнім шығару үшін әрдайым тренинг пен тәжірибе алмасу арқылы көмек беру;
- әрекет арқылы тұтынушыға жету үшін тиімді әрі нақты ақпарат беру;
- туризмнің табиғатпен тиімді жанасып дамуы;

– барлық серіктестермен жйелі түрде жұмыс жасау;

– ішінара дамуы, оның нәтижесі ең үздік жаттықтырушылар, серіктестер және кәсіби мамандар.

Экологиялық туризмнің басқа туризмдерден принциптік айырмашылығы – табиғатта туристердің берілген тәртіпке бағынуы, табиғи ландшафттарды шамадан тыс ластаудан қорғау және индустриялық туризм дамуының басты шарты болып табылатын табиғи ресурстардың деградациясын болдырмау (Visual Culture and Tourism By Nina Lubben; David Crouch Berg, 2003.)

Қазіргі таңда дамып келе жатқан туристік нарықта экотуризмге сұраныс көп. Нарық шарттарына сәйкес болу үшін туристер жергілікті дәстүр және мәдениетпен таныса алатындай табиғи қоршаған зоналармен жақыннан тамсана алатындай туристердің сол аймақта тұру формалары қалыптасты. Аймаққа келген туристерге сапалы қауіпсіздік, стандартқа сай келетін және экологиялық таза ұлттық тағамдар ұсынылады (Poon A. Tourism, technology and competitive strategies, CAB International, Oxford,

2013.) Туристер ерекше, тірі табиғатқа және биологиялық ұлттық саябақтар мен қорықтарға кіре алады. Бұл аймақтарда ТМД елдерінің ғана емес алыс шет елдер туристерін қызықтыратын Оңтүстік қазақстанның табиғи орындарына негізделген. Оңтүстік Қазақстан аймағының экологиялық туризмінің дамуы, аймақтың табиғи шаруашылық кешенінің дамуына, сонымен қатар аймақтың әлеуметтік экономикалық мақсаты-өмір сүру сапасы және қоғамның тұрақты дамуын сипаттайтын факторлармен қамтамасыз етуге үлесін қосады. Ұлттық саябақты құрудың мақсаты Оңтүстіктің ерекше экологиялық, ғылыми, мәдени және рекреациялық құндылыққа ие бірегей табиғи кешендерін сақтау және қалпына келтіру, сондай-ақ экологиялық білім беруді, ғылыми зерттеулер мен туристік жұмысты дамыту болып табылады. Негізгі міндеттері: Ерекше экологиялық, ғылыми, мәдени және рекреациялық құндылыққа ие мемлекеттік табиғи-қорықтық қорды, биологиялық сантүрлілікті, табиғи және тарихи-мәдени бірегей кешендер мен нысандарды сақтау; Табиғат үдерістерін табиғи жағдайда зерттеу және экологиялық мониторинг жүргізу; Ғылым, мәдениет, ағарту және білім беруді дамыту мақсатында ұлттық саябақ аумағын мақсатты әрі рационалды түрде қолдану; Ғылыми ұйымдар ұсыныстарының негізінде бұзылған табиғи және тарихи-мәдени кешендерді қалпына келтіру; Тұрғындарға экологиялық ағарту жұмыстарын ұйымдастыру, оқу саяхаттары мен сабақтарын, оқушылар мен студенттердің өндірістік тәжірибелерін өткізу; Экологиялық туризмді, рекреацияларды, шектеулі шаруашылық жұмыстарын осы мақсаттар үшін белгіленген зоналарда ұйымдастыру (Franklin, A and Crang, M (2001) 'The trouble with tourism and travel theory?' in *Tourist Studies* 1(5) p.5-22.).

Экотуризмнің аспектілері; ақпараттандырылған-табиғат және аумақ мәдениеті, экологиялық заңдылықтарын және тағы да басқа білім алу; этикалық-экологиялық минталитеттің қалыптасуы - табиғат және ұлттық мәдениетке сыйластық және түсіністік, оларды сақтап қалу қажеттілігін сезіну. Экотуризмді дамыту туристік қызмет нәтижесіндегі экожүйеге кері әсердің алдын алудың бірден-бір жолы.

Облыста 2020 жылға дейін Төлеби ауданында «Қасқасу» тау шаңғысы курортын, Шардара ауданында жағажайлық туризмді және минералдық және термалдық суларды пайдалана отырып, Сарыағаш шипажайын дамыту бойынша жұмыстар, сонымен қатар, Шымкент қаласында «Holiday Inn» халықаралық брендтік

атауы аясында 84 нөмірге есептелген қонақ үйдің құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Төлеби ауданында жеке инвестиция есебінен 50 орындық «Изуми» демалыс аймағының (жобаның құны 386,0 млн. тг.) және 200 орындық «Тау-самалы» емдеу-сауықтыру орталығының (жоба құны 1 104,0 млн тг.) құрылысы жүргізілуде.

Сарыағаш ауданында минералдық және термалдық суларды пайдалану арқылы сауықтыру (емдеу) туризмін дамыту мақсатында «Сарыағаш» жаңа шипажай қалашығы (Көктерек) құрылысы бойынша жоба іске асырылуда. Жоба қонақ үй, шипажай, ашық және жабық хауыз (термалды су), спа-орталық, конференц-залдарды қамтиды.

Сонымен қатар, «IPK International» неміс консалтингтік компаниясы тарапынан 2020 жылға дейін минералдық және термалдық суларды дамытумен жаңа «Сарыағаш» курорттық қалашығының мастер-жоспары әзірленді.

Шардара су қоймасының жағалауын бойлай жағажайлық туризмді дамыту жоспарланып отыр және бұл үшін орман қорынан 255,0 га жер телімі белгіленді. Елді мекен категориясына орман қорынан жер телімін ауыстыру бойынша қажетті жұмыстар жүргізілуде.

Жыл сайын туристік нысандарға жолдар құрылысы және оны қайта жөндеу бойынша жұмыстар жүргізіледі, соңғы үш жыл ішінде Сауран қалашығына, Өкеш ата және Гауһар ана кесенесіне кіретін жолдар жасалды, сондай-ақ «Ақбура» кесенесіне жол салудың жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленді.

2016 жылдың 29 сәуірінде «Ontustik Tourism Center» Туристік-ақпараттық орталығы» КММ-нің ашылды.

Бүгінгі таңда, әр ауданның 1, 2 және 3 күндік туристік маршруттары әзірленді. Маршруттарға тарихи және табиғи бағыттағы 84 нысан енгізілді. Өз кезегінде туристердің өңірде болу жайлылығын қамтамасыз ету мақсатында қажетті инфрақұрылымға сараптама жұмыстары жүргізілді (Қазақстанның қорықтар мен ұлттық бақтары., 2006.-96-1096., 140-149, 242-251).

Облыстың оң туристік имиджін қалыптастыру мақсатында ОҚО әкімдігі тарапынан жыл сайын жарнамалық-ақпараттық материалдар (журналдар, буклеттер, турист анықтамалары, туристік карталар, кәдесыйлық бұйымдар және т.б.) шығарылады және өңірдің туристік әлеуетін республикалық және халықаралық көрмелерде, форумдарда, ақпараттық турларда және өзге де іс-шараларда насихаттау бойынша жұ-

мыстар жүргізілуде. Облыстың танымалдылығын арттыру мақсатында «Ontustik – The Heart of the Silk Way» туристік бренді әзірленді. Қазіргі кезде, шетелдегі Қазақстан Республикасы елшілігімен шет елдердің туристік операторларымен ынтымақтастық, өңірдің туристік өнімдерін халықаралық туристік нарықта жылжыту мүмкіндігі мәселелері бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Шымкент қаласында «Туристік ақпараттық орталық» ашу және туристерге арналған тәулік бойғы «Ыстық желісін» құру мүмкіндіктері бойынша қажетті жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Облыстың туристік порталы әзірленуде, онда облыстың барлық туристік нысандарының мекенжайы, байланыс мәліметтері және т.б. қамтылып, көрсетіледі.

2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының туристік саласын дамыту тұжырымдамасының аясында Астана, Алматы, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстық 5 аймақтық кластерлер анықталды. Астана және Алматы қалалары бизнес-туризмнің даму орталықтарына жатады. Шығыс Қазақстан экологиялық туризм, ал Алматы қаласы – тау туризмінің даму орталықтары ретінде қарастырылады. Оңтүстік Қазақстан аймағы мәдени туризмді дамыту орталығы, ал Батыс Қазақстан аумағы мәдени, «жағажай» демалыс ретінде анықталады.

Қорытынды. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа деген «Қазақстан – 2030» жолдауында қоршаған ортаны қорғау және дамуы тұрақтандырудың Көпуақыттылық Экологиялық Бағдарламасы (КЭБ) «Экология және табиғи ресурстар – 2030» атты ұлттық деңгейдегі жоспар жүзеге асырылды. КЭБнің негізгі мақсаттары – қоршаған орта мен қоғам арасындағы тығыз байланыс, сонымен қатар экологиялық жағымды орта құру.

2030 жылға дейін қойылған мақсатқа жету-дің 4 негізгі басты бағыты бар:

- Қауіпсіз экологиялық орта құру
- Табиғат ресурстарын рационалды қолдану
- Өсімдік және жануар әлемінің көптүрлілігін сақтау
- Тұрғындардың экологиялық ақпараттану деңгейі

Оңтүстік Қазақстан – бұл өзіндік табиғи және мәдени әртүрлілік бұл аймақтың туристік көркем дәрежесіне әбден лайық екенін көрсетеді. Мұнда динамика және әртүрлілікпен сипатталатын туристік өнімнің дамуына барлық шарттар жасалған. Туристік әлеует зерттеулерінің нәти-

жесі көрсеткендей, Оңтүстік Қазақстан экологиялық туризмнің дамуы үшін барлық мүмкіндіктерге ие. Оның негізін ерекше табиғи шарттар мен ландшафтар, көптеген табиғи, тарихи ескерткіштер, халықтың мәдени және этникалық мұрасы құрайды. Бірақ, экологиялық туризм басқа туризм түрлерінен табиғи ортаға шамалы әсер етумен ерекшеленгенімен рекреациялық-туристік инфрақұрылымның әлі де қалыптасу деңгейінде жүргендіктен, экологиялық туризм біраз кедергілерге жолығуда.

Экологиялық туризмнің экономикалық әлеуеті шектеусіз, бірақ оның қалыптасуы мен дамуына қаржылай көмек қажет. Экологиялық туризм үшін қажетті инфрақұрылымдарды құру туристер үшін табиғаттың кез келген жеріне баруға мүмкіндік береді. Инвестициямен жеке капитал назарын аудару және Оңтүстік Қазақстан облысындағы емдік сауықтару кешендерінің құрылысын, демалу орындарын құру экологиялық туризм нысандары бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында шарттар құру қажет. Оңтүстік Қазақстан аймағының ерекшелігі, ең алдымен үлкен аумақта табиғатты табиғи күйін сақтауында. Ландшафтардың көркемділігімен эстетикалық ерекшелігі, флора және фауналары Оңтүстік Қазақстанның-экологиялық тур ұйымының алдағы даму бағыттарына өз үлесін қосатын бірден-бір фактор (Накатков Ю.С., 2001. – С. 18).

Оңтүстік Қазақстан аймағындағы экотуризмнің дамуы жаңа бағыттарды талап етеді. Соңғы жылдары туризмнің бұл түрін дамыту мақсатында тенденция қалыптасты. Атап айтсақ, экотуризмнің дамуы Оңтүстік Қазақстанның табиғатын сақтауға көмектеседі. Оңтүстік Қазақстан сияқты аймақтарда экотуризм табиғатты қорғау, халықтың жұмыспен қамту көрсеткішінің өсімі және әлеуметтік-экономикалық дамуға көмектесе алады. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда экологиялық туризмді жүзеге асырудың болашағы туралы қорытындылар жасалды.

Оңтүстік Қазақстан облысының аса перспективті аудандарындағы экологиялық туризмді дамыту үшін жасалатын жағдайлар келесілерді қамту керек:

– Республикадағы туризм индустриясының көптеген экологиялық және әлеуметтік-экологиялық проблемаларын шешу мақсатында экологиялық туризмнің дамуының ғылыми негізделген ұлттық стратегиясын әзірлеу керек.

– Туристерге сапалы қызмет ететін экологиялық сауатты мамандар тағайындау.

– экологиялық туризмді дамытуға мүдделі барлық мемлекеттік және жеке құрылымдардың жергілік органдарына қолдау көрсету;

– болашақ ұрпақ үшін ерекше табиғи және мәдени-тарихи объектілердің сақтау табиғатты пайдалануды реттеу мақсатында географиялық акпаратық жүйені құру керек;

– Оңтүстік Қазақстан облысында жүргізілген зерттеу нәтижелері экологиялық туризмді дамыту мақсатында Қазақстанның басқа облыстарында пайдалануы мүмкін.

Қорыта айтқанда туризм соның ішінде экотуризм сарқылмайтын, шексіз ресурстарды ұқыпты пайдаланған кезде ұлттық байлықтарды молайтатын негізгі бағыттардың бірі болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Алиева Ж.Н. (2004 ж), Туризмология негіздері. – Алматы, б. 22-24.
- 2 Алиева Ж.Н. (2002г), Экологический туризм: Учебное пособие. Алматы, Қазақ университеті.
- 3 Бейсенова Ә. С., Ж. Б. Шілдебаев, Г. З. Сауытбаева. (2001г) Экология-Алматы: Ғылым. – 238 б.
- 4 Бектимирова Н.Н. (2003), Аспекты аттрактивности в туристском продукте Казахстана. Алматы. – 146 с.
- 5 Ердәулетов С.Р. (2000), География туризма: Учебное пособие. Алматы, Қазақ университеті.
- 6 Заповедники Средней Азии и Казахстана, (2006 г.) под общей редакцией Романа Яценко. Алматы, Казахстан, – 19 с.
- 7 Кельбуганова Л. Казахстанский туристский продукт в политике, (2005)//Журнал Экономика и статистика.-126 с.
- 8 Кутузов А. В. (2002г), Роль экологического туризма в формировании новой системы принципов отношения к окружающей среде // Материалы 13-й международной конференции молодых ученых 26-30 декабря г. «Человек. Природа. Общество. Актуальные проблемы». – Санкт-Петербург. – С. 719.
- 9 Қазақстанның қорықтар мен ұлттық бақтары, (2006). – Алматы, – 96-1096., 140-1496., 242-25166.
- 10 Лукичев А. Б. – 2011. Сущность устойчивого и экологического туризма // Российский Журнал Экотуризма. — № 1. – С. 3-6.
- 11 Ваганов, Яценко, (2001). Международный союз охраны природы IUCN- The World Conservation Union. Физико-географические особенности по Кертешев,
- 12 Мызбаев. О.Б. Атейбеков.Б.Н. Асубаев .Б.К. (2006), Туризм және өлкетану негіздері.
- 13 Накатков Ю.С. (2001), История туризма Казахстана. – Алматы. – С. 18
- 14 Омаров Қ. М. (2011) Қазақстанның туризм географиясы. Оқу құралы.-А.: Ұлагат,-74 б.
- 15 Храбченко В.В. (2003), Экологический. М.,..
- 16 Шайкенова Р.Р., Мамутова К.Р. (2009), Сборник статей Всероссийской научно-практ. конф. «Экономический и этнографический туризм: становление, проблемы и перспективы развития», Хабаровск. –С. 13.
- 17 Costa, P. (1991). (Managing tourism carrying capacity of art cities.) The Tourist Review, 46(4), 8–11.
- 18 Cultural Tourism: (A Strategic Focus By Alf H. Walle Westview Press, 1998.)
- 19 Dordevic M., Kokic Arsic (2010.) (A. Tourism logistic system – conceptual consideration // 4 international quality conference center for quality.) University of Kragujevac. – Serbia, – p. 57-62.
- 20 Edited by Gry Agnete Alsos, Dorthe Eide, Einar Lier Madsen., Handbook of Research on Innovation in Tourism Industries.
- 21 (estoring Tourism Destinations in Crisis): A Strategic Marketing Approach By David Beirman.
- 22 Franklin, A and Crang, M (2001) (The trouble with tourism and travel theory) in *Tourist Studies* 1(5) p.5-22.
- 23 Hughes, H. L. (1989). (Tourism and the arts. Tourism Management,) 10(2), 97–99
- 24 Imkeep E. 1991 (Tourism Planning. An Integrated and Sustainable Development Approach.) New York.,
- 25 Larsen, J, Urry, J and Axhausen, K (2006) *Mobilities, Networks, Geographies* Aldershot:Ashgate.
- 26 Phelps, A. (1986). Holiday destination image: (The problem of assessment—an example developed in Minorca.) *Tourism Management*, 7(3), 168–80.
- 27 Poon A. (2013) *Tourism, technology and competitive strategies*, CAB International, Oxford.,
- 28 *Tourism and Sustainable Community Development* By Greg Richards; Derek Hall Routledge, 2000.
- 29 *Tourism Geography* By Stephen Williams Routledge, (1998.)
- 30 *Visual Culture and Tourism* By Nina Lubben; David Crouch Berg, (2003.)

References

- 1 Alieva Zh.N. (2002.)Ecologicheskii turizm. Uchebnoe posobie. – Almaty, Kazakh University.
- 2 Alieva Zh.N. (2004zh), Turizmologianyn negizderi. – Almaty, 22-24 p.
- 3 Beisenova A. S., G. B. Shildebayev, G. Z. Sautbayeva. (2001). – Ekologia-Almaty: Gylym, 238 p.
- 4 Bektimirova N.N. (2003). Aspekty attraktyvnosti v turistkom produkte Kazahstana. Almaty,– 146 p.
- 5 Costa, P. (1991). Managing tourism carrying capacity of art cities. The Tourist Review, 46(4), 8–11.
- 6 Cultural Tourism: A Strategic Focus By Alf H. Walle Westview Press, 1998.
- 7 Dordevic M., Kokic Arsic A., (2010),Tourism logistic system – conceptual consideration // 4 international quality conference center for quality. University of Kragujevac. – Serbia., – p. 57-62.

- 8 Edited by Gry Agnete Alsos, Dorte Eide, Einar Lier Madsen., Handbook of Research on Innovation in Tourism Industries.
- 9 Erdavletov S.R. (2000). Geografia turizma. Uchebnoe posobie. Almaty, Kazakh University,
- 10 Franklin, A and Crang, M (2001) 'The trouble with tourism and travel theory?' in Tourist Studies 1(5) p.5-22.
- 11 Hrabchenko B.B. Ecologicheskii. M., (2003)
- 12 Hughes, H. L. (1989). Tourism and the arts. Tourism Management, 10(2), 97–99.
- 13 Imkeep E. (1991), Tourism Planning. An Integrated and Sustainable Development Approach. New York,.
- 14 Kazakhstannyn koriktary men baktary.-Almaty, (2006).-96-1096., 140-149 p., 242-251 pp.
- 15 Kelbuganova L. (2005), Kazakhtanski turistichestki produkt v klasternoi politike//Zhurnal Ekonomika i statistika 126 p.
- 16 Kutuzov A.V. (2002 g.), Rol' ehkologicheskogo turizma v formirovanii novoy sistemy principov otnosheniya k okruzhayushchej srede // Materialy 13-j mezhdunarodnoj konferencii molodyh uchenyh 26-30 dekabrya «Chelovck. Priroda. Obshchestvo. Aktual'nye problemy». – Sankt-Peterburg, – p. 719.
- 17 Larsen, J, Urry, J and Axhausen, K (2006) Mobilities, Networks, Geographies Aldershot: Ashgate.
- 18 Lukichev A.B. (2011). Sushchnost' ustojchivogo i ehkologicheskogo turizma// Rossijskij Zhurnal EHkoturizma. № 1. – S. 3-6.
- 19 Mezhdunarodny soyuz ohrany prirody IUCN- The World Conservation Union. Fiziko-geographicheskyyi osobennosty (po Kerteshev, Vagapov, Yachenko, (2001).
- 20 Myzbaev O.B. Ateybekov B.N. Asubaev B.K. (2006) Turizm zhane olketanu negizderi.
- 21 Nakatkov YU.S. (2001.), Istoriya turizma Kazahstana. – Almaty,
- 22 Omarov K. M. ((2011).-Kazakhtanin turizm geographiasy). Oku kuraly.-A.: Ulakat, 74 p.
- 23 Phelps, A. (1986). Holiday destination image: (The problem of assessment—an example developed in Minorca.) Tourism Management, 7(3), 168–80.
- 24 Poon A. (2013.) Tourism, technology and competitive strategies, CAB International, Oxford,
- 25 Restoring Tourism Destinations in Crisis: A Strategic Marketing Approach By David Beirmanp
- 26 SHajkenova R.R., Mamutova K.R. (2009)// (Sbornik statej Vserossijskoj nauchno-prakt.) konf. «EHkonomicheskij i ehkologicheskij turizm: stanovlenie, problemy i perspektivy razvitiya», Habarovsk,.
- 27 Tourism and Sustainable Community Development By Greg Richards; Derek Hall Routledge, (2000.)
- 28 By Stephen Williams Routledge, (1998.) Tourism Geography
- 29 By Nina Lubben; David Crouch Berg, (2003). Visual Culture and Tourism
- 30 Zopovedniki Sredney Azii i Kazakhstana /pod obshei redaksiyey Romana Yashenko. (2006 g.) Almaty, Kazakhstan,– 19 p.